

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қаңтардағы N 62 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 желтоқсандағы N 1306 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 626 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 626 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуін реттейтін кейбір мәселелер" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қаңтардағы N 62 қаулысына(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 2-3, 18-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) **Ескерту. 1) тармақшасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1345 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен ;**

2) **Ескерту. 2) тармақшасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1345 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен ;**

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген өлшемдеріне :

14-тармақтың 2), 3), 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын :

"2) қос сырғымалы доңғалақтары бар тіркемелердің немесе жартылай тіркемелердің қатарласқан біліктері үшін біліктер массаларының сомасы біліктердің арасындағы мынадай қашықтықтарда:

0,5 метрден 1 метрге дейін	12,5
1 метрден 1,3 метрге дейін	15,0
1,3 метрден 1,8 метрге дейін	16,5
1,8 метрге тең немесе одан көп	18,0-ден аспауы тиіс;

**б о л ғ а н д а**

3) бір сырғымалы доңғалағы бар тіркемелердің немесе жартылай тіркемелердің қатарласқан біліктері үшін біліктер массаларының сомасы біліктердің арасындағы мынадай қашықтықтарда:

0,5 метрден 1 метрге дейін	12,0
1 метрден 1,3 метрге дейін	14,0
1,3 метрден 1,8 метрге дейін	16,0
1,8 метрге тең немесе одан көп	17,5-ден аспауы тиіс;

б о л ғ а н д а

4) қос сырғымалы доңғалақтары бар тіркемелердің немесе жартылай тіркемелердің үш білікті біліктері үшін біліктер массаларының сомасы біліктердің арасындағы мынадай қашықтықтарда:

0,5 метрден 1 метрге дейін	17,5
1 метрден 1,3 метрге дейін	21,0
1,3 метрден 1,8 метрге дейін	24,0
1,8 метрге тең немесе одан көп	26,5-ден аспауы тиіс;

б о л ғ а н д а

5) бір сырғымалы доңғалағы бар тіркемелердің немесе жартылай тіркемелердің үш білікті біліктері үшін біліктер массаларының сомасы біліктердің арасындағы мынадай қашықтықтарда:

0,5 метрден 1 метрге дейін	16,5
1 метрден 1,3 метрге дейін	19,5
1,3 метрден 1,8 метрге дейін	22,5
1,8 метрге тең немесе одан көп	24,5-ден аспауы тиіс".

болғанда

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*